

МҒТАР 16.21.33

DOI: [10.59102/kufil/2024/iss2pp42-52](https://doi.org/10.59102/kufil/2024/iss2pp42-52)

Г.Ж. Искакова¹, Р.Ж. Киякова¹, А.А. Букаева¹, А.О. Исина¹

¹Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау, 020000, Қазақстан Республикасы

МӘТІННІҢ ФУНКЦИОНАЛДЫ-ПРАГМАТИКАЛЫҚ КОНЦЕПЦИЯСЫ

Мақалада мәтін прагматикасы, тілдік қарым-қатынастағы коммуниканттардың аялық білімі мәселелері қарастырылады.

Көркем мәтінді интерпретациялаудағы қиындық мәтіннің астарлы ақпаратының болуымен туындайды. Қандай мәтін болмасын, оның қатысымдық-когнитивтік, функционалдық бүтіндік ретіндегі негізгі міндеті – хабар беру, хабар алмасу; пікір алысуды жүзеге асырып, сол арқылы хабар алушыға (адресат) әсер етіп, оның жауап-қайтарымын (реакциясын) туғызу. Бұл – мәтін прагматикасының нысаны.

Зерттеу жұмысының мақсаты – мәтіннің функционалды прагматикалық мүмкіншілігін анықтау әрі автордың көркем мәтінде кейіпкерлердің аялық білімін таныту арқылы образды, кейіпкер тілін ашу мәселелерін қарастыру. Зерттеу материалы ретінде қазақ жазушысы Ә.Кекілбаев пен қырғыз жазушысы Ш.Айтматовтың көркем шығармалары алынды.

Тілдік қарым-қатынастың сәтті немесе сәтсіз шығуына коммуниканттардың әлеуметтік-стереотиптік ерекшеліктері, коммуниканттардың аялық білімі, коммуниканттардың құзыретіндегі жақындық, я болмаса ашақтық, коммуниканттардың жыныс, жас, тұлғалық ерекшеліктеріне байланысты жайттарды ескеру-ескермеуі әсер етеді.

Тілдік коммуникация үдерісінің басты ерекшелігі – сөйлеуші мен тыңдаушының өзара бір-бірін түсінісуі, ақпаратты дұрыс қабылдап, оны бағалауы. Ал өзара түсінісу болмаса, коммуникация өз мәнін, мағынасын жоғалтады, әрі сәтсіз аяқталады. Осы орайда, мәтінді қабылдауда сөйлеуші мен тыңдаушының аялық білімі аса маңызды деген қорытындыға келдік.

Кілт сөздер: көркем мәтін, тілдік қарым-қатынас, аялық білімі, мәтін прагматикасы, мәтінді қабылдау.

НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

Мәтін – мағыналық және құрылымдық аяқталуымен, автордың хабарға көзқарасымен, хабардың нысандылығымен және прагматикалық ұстанымымен сипатталатын ауызша немесе жазбаша формадағы хабар.

Мәтінтанушы ғалымдардың зерттеулерінде мәтінге тән белгілерге тұтастық және байланыстылық (И.Р. Гальперин); аяқталғандылық (Г.В. Колшанский, Н.А. Купина, И.Р. Гальперин); бөлшектену (Т.В. Трошина); прагматикалық (И.Р. Гальперин) жатқызылады.

Ақыл-ойдың жетістігі болып табылатын, ақиқат өмірдің бейнеленуін қамтамасыз ететін ең жоғары таным-түсінік адамзатқа тән және ол сөйлеу актісімен тікелей байланысты форма.

Адамның басқа дүние-тіршілікпен және қоршаған ортамен байланысын *нысан – іс-әрекет – ой – тіл* сызбасымен көрсетуге болады, әрі оның қарым-қатынастың өзге түрлерінен сипаты әлдеқайда бөлек. Дамудың ең жоғары сатысы ойлауға қол жеткізген биологиялық түр – адам, саналы тіршілік иесі ретінде адам ойындағысын, таным-түсінігін тіл арқылы жеткізеді, сөзі арқылы жарыққа шығарады. Тілдің көмегімен әлемнің идеалды және абстрактілі бейнесін қалыптастырады, адамдар өз санасынан орын тепкен бұл бейнелерді қалыптастыруда тілді пайдаланады.

КІРІСПЕ

Мәтін тудырудың модельдері тіл білімінде жан-жақты, әрі терең зерттелген. Л.С. Выготский, А.Р. Лурия, С.Д. Кацнельсон, А.М. Шахнаров, т.б. зерттеушілер осы проблеманы әр қырынан қарастырды, ал мәтінді қабылдаудың түрлері мен модельдерін талдау бағытында Н.И. Жинкин, И.А. Зимняя, В.В. Красных, А.А. Леонтьев, А.И. Новиков, Ю.А. Сорокин сынды зерттеушілер жазғаны мәлім. Осы зерттеушілердің ізденістері арқасында мәтіннің тууы мен қабылдануының өзіндік ерекшеліктері анықталды. Мәтіннің қай түрі болмасын бәріне ортақ құрылымдық модель мен оның негізгі фазалары белгіленді:

- 1) мотивация және ниет (бағдарлама, жоспар);
- 2) жоспарды орындау (жүзеге асыру);
- 3) жүзеге асыру мен ниетті салыстыру (мәтінді қабылдау) [1, 126].

Зерттеу нысанына алынып отырған көркем мәтінге келер болсақ, көркем шығарманың құрылысы мен жүйесі қаншалықты күрделі болғанмен, ол тіл заңдылығына бағынады. Тіл заңдылықтары арқылы тұтас мәтінге бірігеді және жүйеге түсіретін жазушы, осыдан келіп шығармадағы автор бейнесінің қалай сомдалғаны туралы мәселе туындайды. Өйткені «шығармада автордың ішкі жан-дүниесі, психологиялық толқыныстары, идеясы мен көзқарасы, діні мен ділі танылады. Ол оны қандай амал-тәсілдер арқылы жүзеге асырады, ол – өз алдына жеке мәселе. Бірақ автор мәтіннің оқырман жүрегіне жол табуын және оқырманның мәтінді қиындықсыз қабылдауын ескеріп отырады. Бұл оқырманның мәтінді қиындықсыз қабылдауы «автордың прагматикалық бағдарына» жатады.

Осыған орай, зерттеу жұмысы көркем шығарманы түзудегі автордың ұстанымын танытатын мәтін прагматикасын анықтауды көздейді. Автор белгілі бір жағдаятты баяндау мен оқырманға жеткізуде қандай амал-тәсілдерді қолданатыны, оқырман қабылдауындағы ерекшеліктер, оған әсер ететін факторлар қарастырылады.

МАТЕРИАЛДАР МЕН ТӘСІЛДЕР

Зерттеу жұмысында көркем мәтінді талдау жұмысы жүргізілгендіктен, мәтінді кешенді талдау әдісі қолданылды, яғни сипаттамалық, анализ, синтез әдістері, дедуктивті және индуктивті әдістер, семантика-стилистикалық, контекстік әдіс. Сондай-ақ, мәтіндік талдау, көркем шығармадағы тілдік бірліктерді дүниетанымдық, жағдаяттық, коннотаттық қолданыстарды интерпретациялау әдісі қолданылды.

Автор ұстанымы мен прагматикасы деп атап-түстемегенмен, қазақ көркем туындылары авторларының сөз кестесін, сөз қолдану шеберлігін, көркемдік тәсілдеріне тоқталып, стилистикалық талдаулар жүргізген ғалымдардың алдыңғы легінде Р. Сыздық, Е. Жанпейісов, Х. Нұрмұханов, М. Серғалиев, Х. Кәрімов, Б. Шалабай сынды ғалымдарды атауға болады.

Тіл біліміндегі ең басты нәрсе – тілдік бірліктерді қолданысқа түсіру, олардың функциялық қызметін таныту, басқаша айтсақ, тілдің қарым-қатынастық қызметін жүзеге асыру. Соның нәтижесінде өмірге коммуникативтік (қарым-қатынастық) лингвистика, прагматикалық (қолданыстық) лингвистика деп аталатын тіл бағыттары пайда болды. Бұл негізсіз де емес. Өйткені тілдік бірліктердің қарым-қатынас кезіндегі қолданылуына, пайдаланылуына көңіл аудармай, тілдің өзін тану мүмкін емес [2].

Тілдік бірліктердің жұмсалуын, олардың қарым-қатынастық, функциялық қызметін тіл білімінің прагматикалық лингвистика (қолданыстық тіл білімі) саласы қарастырады. Прагматикалық зерттеу – лингвистикалық зерттеулердің ішіндегі ең негізгі бағыттардың бірі. Ол, жоғарыда айтылғандай, тілдік таңбалардың қарым-қатынас кезіндегі қолданыстары мен функциялық қызметтерін зерттейді. Сол себепті болар, ғалымдардың еңбектерінде «қолданыстық тіл білімі», «жұмсалулық тіл білімі», «қызметтік тіл білімі», «қарым-қатынастық тіл білімі» деп әртүрлі аталып жүр.

Дүниенің санадағы бейнесі тіл арқылы форма мен мазмұнға ие болады немесе дүниенің санадағы дерексіз идеалды бейнесі тіл арқылы материалданады (заттанады). Осыдан келіп адамзат танымындағы «тіл – ойлау – әлем» кешенді байланысы келіп шығады. Адамзат танымының осы үш құрамдас бөлігін зерттеу арқылы лингвистика философия, логика, социология, физиология тәрізді ғылымдармен ықпалдастықта зерттеледі [3]. Аталған ғылым салаларын бір кеңістікте топтастыратын бірден бір ядро – сөз және тіл.

Прагматикалық қарым-қатынастың болуы субъектілердің (тілді қолданушы мен қабылдаушының) тілді жақсы білуі, тілдік бірліктерді дұрыс қолдануымен ғана шектелмейді. Осылармен бірге тілді қолданушы мен қабылдаушының дүниетанымына, «тілдік тұлға» деп аталатын ұғымға қатыстылығына, сондай-ақ, олардың аялық білімі мен тәжірибесіне, эстетикалық талғамына, бір сөзбен айтқанда, тілдік емес (экстралингвистикалық) мәнбірлердің әсеріне де байланысты.

НӘТИЖЕЛЕР

Мәтін прагматикасы шеңберінде, әсіресе дискурс талқыланған кезде «аялық білім» мәселесі ғалымдар тарапынан қаралып жүр. Аялық білім дегеніміз – бір тілде сөйлейтіндерге (сөйлеуші мен тыңдаушы) бір-бірін түсінуге мүмкіндік беретін, тілдік қарым-қатынастың негізі болып табылатын жалпы қор [4]. Мәтін прагматикасын, автор прагматикасын қарастырған кезде «аялық білім» мәселесіне назар аударуымыз қажет, өйткені мәтінді түзуші мен қабылдаушы арасындағы тілдік коммуникация олардың аялық біліміне тікелей байланысты.

Аялық білімді жіктеудің бірнеше тәсілдері бар. Г.Д. Томахин аялық білімді қолданылу аясына қарай төмендегідей жіктейді:

- 1) жалпыадамзаттық білім (ғарыш, Жер);
- 2) аймақтық ақпарат (мысалы, тропиктердің тұрғындарының көбі қардың не екенін білмейді);
- 3) белгілі бір этникалық немесе тілдік қауымдастықтың (ұлттың) мүшелері ғана түсінетін ақпарат;
- 4) белгілі бір жергілікті жердің тұрғындары немесе әлеуметтік тұйық топ мүшелері ғана ие болатын білім. Бұл аумақтық және әлеуметтік диалектілерге сәйкес келеді (жергілікті географиялық ерекшеліктердің атаулары);
- 5) тек шағын ұжым мүшелері (отбасы, оқу тобы) иеленетін мәліметтер [5, 34].

Аялық білімді іріктеудегі басты шарт – ана тілінде сөйлейтіндер арасында аялық білімнің жалпыға бірдей белгілі болуы. Десек те, тіпті ана тілінде сөйлейтіндердің өздері де аялық білімнің барлық көлемін әрдайым біле бермейтіні мәлім.

Әрбір адамның санасында айналасындағы болып жатқан құбылыстар мен жайттарға байланысты білім қоры болады. Тілімізде жылдар бойы жинақталған білімді тұспалдап жеткізу үдерістері де бар. Оны жеткізу автордың аялық біліміне байланысты. Ал автордың рухани әлемін, оның ішінде өзіндік танымын, ішкі болмысын, дүниеге деген көзқарасын, бір сөзбен айтқанда, аялық білімін тану үшін, ең алдымен, көркем мәтіндегі автор бейнесін, авторлық модальдылықты тану қажет.

Ұлттың өткен тарихы, мәдениеті, дүниетанымы туралы білім қорын танудың бірден-бір жолы сөз екені белгілі. Ендеше, көркем шығармадағы автордың, яғни жазушының қолданған сөздік қорын, белгілі бір тарихи оқиғалар мен жағдаяттарды баяндаудағы қолданған білімін, жеткізу тәсілін талдау арқылы жазушының аялық білімін аңғаруға болады. Мысалы, Ә. Кекілбаевтың «Үркер» романындағы автордың қазақтың үш биін сипаттауда қолданған тілдік қоры, ол туралы білімі автордың аялық білімінен хабар берсе, жазушы арқылы көркем шығармада дискурста түскен үш бидің халыққа айтқан уағыздарынан олардың аялық білімі туралы сөз қозғауға болады. Мысалы (1):

Осы жолы да, аз Тәукені күллі қазаққа ортақ хан сайлап, сұпы Әжіні күллі қазаққа пір сайлап, жеті жарғының жосығын қабылдаған ұлы жиын аяқталғасын да жиылған жұрт

«Ертең елге барғанда айта баралық. Үш би бізге не дейді екен? Соны естіп кеткіміз келеді»,
– деп тырп етпей тұрып алған-ды.

– Сонда үш биден не сұрайсыздар? – деген-ді хан Тәуке.

– Үш би бізге ең әуелі заман құлқынан үш ауыз сөз айтсын! – дескен жұрт.

Сонда төбенің басына қамшысын ұстап Төле шыққан-ды.

– О, әлеумет, қалай осы, жылқы біткен көп кісінесіп кеткен жоқ па, әйел біткен көп кісінесіп кеткен жоқ па? – деп қайта түсіп кеткен-ді.

Одан кейін төбеге Қазыбек көтеріліп, сонау мұнарытқан көкжсиекке қарап тұрып:

– Жылқы біткен көп кісінесе, ел шетіне бір дүбір жетейін деп жүргені болмасын, әйелдер көп кісісінсе, қадірлерінің өтейін деп жүргені болмасын! – деп топқа қайта қосылған-ды.

Әйтеке қамшысын көкке көтеріп:

– Ел шетіне дүбір жетсе, атыңның жалы панаң болар, көк сауытың – қатын, көк найзаң – балаң болар! – деген-ді.

Қарақұрым халық үн-түнсіз бастарын шұлғыған-ды (Ә. Кекілбаев «Үркер» романы, 297 б.).

Аялық білім сөйлеуші мен тыңдаушының шындық болмыс жайында екеуіне де ортақ түсінігі, білімі екенін ескерсек, үш бидің айтқан сөздерінен сол кездегі жағдайды, қоғамдағы ахуалды, халықтың абыржулы көңіл-күйін, болашаққа деген уайымын көреміз. Тілдік коммуникация сәтті аяқталды, өйткені адресант пен адресат бір-бірін жақсы түсінді, ақпаратты қабылдады, соған сай әрекет етті.

Дискурсқа түскен үш би бір-бірінің сөзін түсініп, әрі қарай сұрақтың жауабын табуы және сол арқылы халыққа әсер еткенін көруге болады. Аялық білім – бұл қарым-қатынас кезінде толық көріне бермейтін, ұлттың мәдениетімен, тарихымен, салт-дәстүрімен байланысты экстралингвистикалық ақпараттар жиынтығы екенін ескерсек, билердің ақпаратты нақты жылқы арқылы жеткізуінің де мәні бар.

Жылқыны қазақ халқы ерекше есті мал санаған. Жылқы қауіп-қатер төнген кезде оскырып, кісінеп, жерді тарпу арқылы бір-бірін шақырып, біріне-бірі хабар беріп, жақын тартады екен. Яғни жылқы малының кісінеуі белгілі бір қауіптің (бұл мысалда, бір жағынан ойраттар, бір жағынан қалың шүршіттің қыспағы) төніп тұрғанын көрсетеді. Билердің сұраққа жауап беруде бір сөзді негіз етіп қайталауы, олардың осы ақпаратты берудегі уәжін, себебін анықтап, сол бір сөзге назар аудартып, екпін (акцент) түсіреді.

Төле би

жылқы біткен көп кісінесіп кеткен жоқ па?

Қазыбек би

*Жылқы біткен көп кісінесе,
дүбір жетейін деп жүргені*

Әйтеке би

*Ел шетіне дүбір жетсе,
атыңның жалы панаң болар,
көк сауытың – қатын, көк найзаң – балаң болар!*

Ж.А. Жақыпов мәтінді прагматикалық талдау функционалдық талдаудан келіп шығып, функционалдық талдауды логикалық түрде жалғастыратынын айтады. Ғалым мәтінге прагматикалық талдаудың төмендегідей үлгісін көрсетеді:

«Лингвистикалық прагматикаға адресант (мәтін авторы) пен адресат (мәтін қабылдаушы) инсандар, олардың қатысым ісіндегі ықпалдастықтары туралы мәселелер енеді. Инсандар, яғни адресант пен адресат та бір тілдің субъектісі, екеуіне де тілдің дыбыстық,

лексика-семантикалық, грамматикалық бірліктерінің мән-мағыналары мен қызметі, нормасы ортақ.

Адресант мынадай жайларды белгілейді:

1) хабардың мақсаты мен міндеттері (мысалы, хабарлау, ақпарат беру, ниетін білдіру, нұсқау беру, ақыл айту т.с.);

2) сөйлеу қылығының типі;

3) хабарға, оны бағалауға (бағалаудың болмауына) деген қарым-қатынас;

4) хабар мәтінін түзу кезінде зейін қоятын тұстар.

Адресат мынадай жайттарды атқарады:

1) мәтінді, оның ішінде жанама және көмес мәністерді де тәпсірлейді (парықтайды);

2) мәтін әсерін бастан кешеді. Ондай әсерлер танымдық, эмоциялық, эстетикалық болуы мүмкін» [6].

Мәтінді талдауда ғалым Ж.А.Жақыпов ұсынған үлгіні басшылыққа алсақ, Адресант (билер):

1. Билердің хабарды жеткізудегі мақсаты мен міндеті – халыққа ақпарат беру, ақыл айту (жаугершілік заманның келе жатқанын хабарлау).

2. Сөйлеу қылығының типі – дискурста түсу.

3. Болып жатқан жағдаятқа баға беруі. Мысалы, *әйелдер көп кісімсінсе, қадірлерінің өтейін деп жүргені болмасын!*

4. Хабар мәтінін түзуде белгілі бір сөздерді (кісінеу, дүбір) қайталау арқылы назар аударуды ниет еткен.

Адресат (халық):

1. Халық айтылған пікірдің дұрыстығына шүбәсіз сеніп тұр.

2. Сенгендігін танытуда халық кинесикалық амалдардың бірі «*бас шұлғу*» кинемасын қолданған.

Тілдік коммуникация үдерісінің басты ерекшелігі – сөйлеуші мен тыңдаушының өзара бір-бірін түсінісуі, ақпаратты дұрыс қабылдау, оны бағалау. Ал өзара түсінісу болмаса, коммуникация өз мәнін, мағынасын жоғалтады. Адами тілдік коммуникация күрделі құбылыс, оның дұрыс ұйымдасуына әртүрлі факторлар әсер етеді. Тілдік коммуникация жоғарыда көрсетілген (билердің сөздері) мысалдағыдай әрдайым сәтті бола бермейді. Ақпаратты жеткізу және оны екінші бір тұлғаның қабылдауында әртүрлі қиындықтар туып, тілдік қарым-қатынас сәтсіздікке де ұшырап жатады.

Коммуникативтегі сәтсіздіктердің себептерін (түсінбеушіліктер) анықтау мәселесін көптеген ғылым өкілдері, соның ішінде лингвистер де [7], [8] зерттеді, сондай-ақ коммуникативтік сәтсіздіктердің пайда болу факторлары мен жолдарын зерттеп, жіктеуде орыс және шетелдік ғалымдардың [9], [10] еңбектері бар.

Аялық білім тілдік коммуникация үдерісінде өте маңызды болып табылады. Егер әңгімелесушілердің аялық білімі, әрі әлемді қабылдаудағы танымдары әртүрлі болса, онда тілдік коммуникация сәтсіздікке ұшырайды. Өйткені бірін-бірі түсіну үдерісі жүзеге аспайды немесе белгілі бір нәтижеге қол жеткізе алмайды.

Осы тұста, көркем шығармадан мысал келтіріп, ойымызды дәлелдей түссек (3):

– *Ал сонда сен Құдайға ұрлықы жолмен барғанда неменеге қолың жетіп жүр?*

– *Е, сенікінен аз емес. Мен адамдарға кәйіп арқылы бақытты болуға, Құдайды тануға көмектесемін. Сендер, адамдарға уағызбен де, дұғамен де бере алмайтын нәрсені мен бере аламын. Мен өз адамдарымды біреулерден гөрі әлдеқайда шапшаңырақ жақындата аламын.*

– *Ақшаға сатып алған Құдайға жақындатасың ба? Нашаның, кәйіптің көмегімен бе? Сен осыны да Құдай тану бақыты деп атайсың ба?*

– *Несі бар? Сен менің мұнымды құдайды қорлау, күнәға бату деп ойлайсың ғой, сірә? Әлбетте! Сенің құлағыңа түрпідей тиеді екен ғой. Мен сенің бақталасың болдым-ау, осы! Иә, сайтан алғыр, иә, ақша, иә, наша! Ал егер білгің келсе – дүниенің кілті ақшада. Сенің ойыңша, ақшаның ерекше құдайы бар ма? Ал шіркеуде, яки басқа мекемелерде, сендер немене, ақшасыз-ақ амалдай бересіңдер ме?*

– Ой, ол мүлде басқа мәселе зой!

– Тек! Оттама! Бұл дүниеде бәрі де сатылады, бәрін де тіпті сенің Құдайыңды да сатып алуға болады. Бұл дүниеде шын рақатты, көңіл хошын, еркіндікті тек кәйіптен ғана табасың. Мейлі, сол рақат бір сәттік қана болсын, мейлі, сандырақ сияқты-ақ болсын, бірақ, әйтеуір, бақытты шақ қой. Ондай сәтті тек ақыл-ойды кәйіп-тұман басқанда ғана көруге болады.

– Бір ғана нәрсең дұрыс – осының бәрі жалған рақат, адамның өзін-өзі алдауы (Ш. Айтматов «Жан пида» романы, 183 б.)


Ш. Айтматовтың «Жан пида» романындағы нашақорлықты дәріптеп, таратып жүрген Гришан мен соны доғартудың амалын қарастырған Авдий арасындағы тілдік қарым-қатынас сәтсіздікке ұшырайды. Өйткені олардың өмірлік ұстанымдары, құндылықтар бағдары екі түрлі. Тілдік коммуникацияға түскенмен, аялық білімі екі түрлі тұлға бірін-бірі түсінесе алмады. Әрқайсысы өз пікірінде қалады. Бұл дискурстан Гришанның өмірлік ұстанымы мен аялық білімін танытатын келесідей тірек сөздер мен тіркестерді теріп алуға болады: *ақша, наша, кәйіп, бәрі сатылады, рақат, сандырақ, бақытты шақ, кәйіп-тұман*. Осы тілдік бірліктер арқылы автор кейіпкердің дүниетанымын, басқаларға деген көзқарасын, қатынасын, ой-өрісін көрсетеді.

Берілген мысалда Гришан мен Авдий тілдік қарым-қатынасқа түскенде белгілі бір нәтижеге жетпесе де, автор тарапынан мәтінге қойылған автордың прагматикасы жүзеге асып отыр. Автор өз тыңдаушысына, яғни оқырманға өмірде де осындай екі тарапты ұстанатын адамдар кездеседі, әрқайсысы өз әрекетінің дұрыстығын дәлелдейді, ал сенің мақсатың дұрыс жолды, дұрыс бағытты таңдау деген идеясын жеткізеді.

Көріп отырғанымыздай, әңгімелесушілердің аялық білімі, ментальдік әлемі қарым-қатынас процесінде өте маңызды рөл атқарады. Ғалымдардың пікірінше, толық берілмеген, дұрыс жеткізілмеген ақпарат та тілдік қарым-қатынастың сәтсіз аяқталуына әкеледі.

Дегенмен, әңгімелесушілердің аялық білімі барлық қарым-қатынас жағдайларына, соның ішінде бір мәдениеттің өкілдері қатысатын тілдік жағдаяттар да көрініс табады.

Тілдік коммуникацияның өзара байланысы екі негізгі элементтен тұрады: сөйлеуді туғызу және қабылдау процесін көрсететін ішкі цикл; сөйлеуші мен тыңдаушының аялық білімі.



Сурет 1 – Көркем мәтіндегі тілдік қарым-қатынас моделі

1-суретте көркем мәтіндегі тілдік қарым-қатынастың моделі сызба түрінде ұсынылған. Мұнда сөйлеудің үш құрамдас бөлігін ажырату қажет: ақпараттың шындыққа қатысын, формасын және мағынасын. Мұндағы сөйлеушіні S деп, қабылдаушыны Q белгілесек, ақпаратты қабылдауына байланысты «S формасы» = «Q формасы», ал «S мағынасы» \neq «Q мағынасы». Бұл жағдаяттан түсінетініміз, тыңдаушы форманы сөйлеуші жеткізгендей қабылдайды, ал мағынасын әртүрлі интерпретациялауы мүмкін.

ТАЛҚЫЛАУ

Прагматиканың аясы кең, ауқымы үлкен. Ол тілдік бірліктердің қолданысы мен қызметін, тілді қолданушы мен тілдік бірліктердің арасындағы қарым-қатынасты ғана емес, солармен бірге, ол қолданысқа түскен тілдік бірліктердің өзара қарым-қатынастарына да көңіл аударады. Сондай-ақ, тіл қарым-қатынас құралы ретінде қолданылғанда, ол тек бір нәрсені айту, хабарлау, ақпарат беру үшін ғана емес, қарсы жаққа әсер етіп, сөз болып отырған тақырыпқа оның ынтасын, қызығушылығын туғызу үшін, өзінің айтқандарына оны иландыру, сендіру үшін де қолданылады.

Осы жерде прагматикаға қатысты негізгі ұғымдарды анықтай кетелік. Олар: адам (тілді қолданушы – адресант, оны қабылдаушы – адресат), тіл (тілдік бірліктер – сөз, сөйлем, мәтін т.б.) және осылардың (адам мен тілдің, адам мен адамның, тілдік бірліктер мен тілдік бірліктердің) қарым-қатынасы. Тіл адамға (тіл – адам үшін), адам тілге (адам – тіл үшін) қызмет етуге тиісті.

Адам өз сөзін тілді қабылдаушыға (айталық, тыңдаушыға, оқырманға) әсер ететіндей етіп жеткізу үшін белгілі бір тілдік бірліктерді өз мақсатына, қарым-қатынастық (коммуникативтік) қызметіне орай әртүрлі формада, әртүрлі мағынада (тура, ауыс, астарлы, бейнелі) қолданады. Ал қабылдаушы болса, адресант тілдік бірліктерді қалай қолданса, ол оны солай қабылдайды. Яғни, тілді қолданушы (адресант) тілді жақсы білсе, тілдік бірліктерді дұрыс, өз орнына қолданса, оның әсері де ойдағыдай болады. Тілді қабылдаушы (адресат) тілді қолданушының айтпақ болған ойын дәл және жақсы түсінеді. Сөйтіп, екі адам арасында тілдік қарым-қатынас орнайды, түсіністік қалыптасады [11].

Қазақ сөйлеу тілі синтаксистік бірліктерінің прагматикалық негіздерін зерттеген З.Ш. Ерназарова прагматиканы сөйлеу мақсатымен байланыстырып, төмендегідей тұжырым жасайды: «Прагматикалық аспект сөз мәні, грамматикалық формалар мен синтаксистік құрылым түрлерінен көрініс табады. Прагматикалық аспект – мақсатты әрекеттің бір түрі сөйлеудің ажырамас белгісі. Мақсат сөйлеу актісі арқылы көрінеді. Сондықтан сөйлеу актісі – ықпал етуші акт болып табылады. Мақсат түрі сөйлеу актісін перформативті етістіктермен атау арқылы анықталады. Олар *кешірім сұрау, өтіну, бұйыру, ант беру, уәде беру, нақтылау, мақұлдау, сұрау, сендіру, бата беру, мадақтау, қарсылық білдіру* және т.б.» [12, 67].

Бұл мәселенің анықталуы прагматикалық жағдаймен байланыста қаралуы тиіс: қашан қабылдаушы мәтінді түсініп, мәтін оған әсер етіп, оның жан дүниесінде белгілі бір өзгерістер пайда болып, оның жауап-қайтарымын туғызғанда ғана қатысымдық үдеріс өз мүддесіне жетті деуге болады. Кез келген мәтіннің негізгі мақсаты – прагматикалық талап-мүддені қанағаттандыру, пікір алмасуды іске асыру арқылы коммуниканттардың жан дүниесіне әсер етіп, оны «ояту», реакциясын туғызу.

Мәтінді толық, тура түсіну үшін, біріншіден, коммуниканттар қарым-қатынастың шартымен, мәтіннің мағынасымен толық түрде таныс болуы, екіншіден, лексикалық-грамматикалық жақтан мәтін тура, дәл құрылуы, үшіншіден, семантикалық-информативтік мазмұнға сәйкес мәтін толық көлемде болуы, төртіншіден, мәнмәтінмен байланыста тұруы шарт. Осы факторлардың бірлігі прагматикалық талаптың негізі ретінде мәтін мағынасын тура қабылдауға қол жеткізеді [13, 478].

Көріп отырғанымыздай, адам ойындағысын сөйлеу арқылы сыртқа шығарғанда ақпаратты айту мақсатына қарай әртүрлі (тікелей, жанама, тұспалдап) жеткізуі мүмкін. Және ол ақпараттың шындыққа қатысы, әрі модальдылық элементтері параллель қолданылады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Мәтінді прагматикалық тұрғыда зерттеу оны біртұтас күрделі сөйлеу актісі деп танумен байланысты. Автор ниетіне, мақсатына сай түзілетін сөйлеу актісінде ол адресатқа әсер ететін әр алуан тілдік құралдарды қолданады, сол арқылы қаламгер түзген болмыс туралы коммуниканттар арасында пікір алмасу, ой бөлісу үдерісі жүреді, алайда оқырман ол мәтінді өзінше интерпретациялайды [14, 13].

Сонымен, құрылымдық-семантикалық тәсілді ескерсек, мәтін дегеніміз – аяқталған біртұтас сөйлеу шығармашылығы немесе автордың шығармашылық әрекетінің нәтижесі. Ал психолингвистикалық тәсіл бойынша мәтін автор мен реципиенттің өзара байланысы мен қарым-қатынасы барысындағы мақсаты мен бағыты айқындалған, оқырманға әсер етудің түрлі тәсілдері, әрі тілдік құралдар жүйелі пайдаланылатын динамикалық процестерден құралатын сөйлеу актісі деуге болады. Мәтін зерттеудегі прагматикалық бағыт осылай қалыптаса бастады [15, 147].

Мәтіннің мотиві, мақсат-мүддесі, прагматикалық талабы, коммуниканттардың тілдік тұлға ретіндегі интеллектуалдық мүмкіншілігі болады.

Мәтінді қабылдауда сөйлеуші мен тыңдаушының аялық білімі аса маңызды. Аялық білім дегеніміз – сөйлеуші мен тыңдаушының шындық болмыс жайында екеуіне де ортақ түсінігі, білімі. Ол қарым-қатынас кезінде толық көріне бермейтін, ұлттың мәдениетімен, тарихымен, салт-дәстүрімен байланысты экстралингвистикалық ақпараттар жиынтығы.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Момынова Б.Қ., Асқар Л.О., Ақымбек С.Ш. т.б. Қазіргі қазақ тілінің функционалды стильдік құрамының эволюциясы. – Алматы: Қазақ университеті, 2010. – 262 б.
- 2 Караулов Ю.Н. Орус тілі және тілдік тұлға. – Мәскеу: Ғылым, 1987. – 245 б.
- 3 Цивьян Т.В. Әлемді қабылдаудағы балқан моделінің лингвистикалық негіздері. – Мәскеу: Ғылым, 1990. – 207 б.
- 4 Ахманова О.С. Лингвистикалық терминдер сөздігі. – Мәскеу: УРСС, 2004. – 571 б.
- 5 Томахин Г.Д. Американы американизмдер арқылы тану. – Мәскеу: Жоғары мектеп, 1982. – 256 б.
- 6 Қазіргі қазақ тіліндегі синтаксистік парадигмалар: монография-оқул. / ред. Ж. Жақыпов. – Алматы, 2016. – 464 б.
- 7 Tzanne V. Talking at cross-purposes: The dynamics of miscommunication. – Amsterdam: John Benjamins, 2000. – 282 p.
- 8 Olsina E.C. Managing understanding in intercultural talk: An empirical approach to miscommunication // *Atlantis*. – 2002. – Vol. 24, Issue 2. – P. 37-57.
- 9 Linell P. Troubles with mutualities: towards a dialogical theory of misunderstanding and miscommunication // In book: *Mutualities in dialogue*. – Cambridge: Cambridge University Press, 1995. – P. 176-213.
- 10 Falkner W. Verstehen, Missverstehen und Missverständnisse: Untersuchungen an einem Korpus englischer und deutscher Beispiele. – Tübingen: Niemayer, 1997. – 275 s.
- 11 Қалиұлы Б. Тіл білімінің жаңа бағыттары: концепт, прагматика, дискурс, мәтін: мақал. жинағы. – Алматы, 2012. – 246 б.
- 12 Ерназарова З.Ш. Қазақ сөйлеу тілі синтаксистік бірліктерінің прагматикалық негіздері: филол. ғыл. канд. ... автореф. – Алматы, 2002. – 57 б.
- 13 Шалабай Б. Қазақ тілі білімінің мәселелері. – Алматы: Арда, 2016. – 488 б.
- 14 Адилова А.С. Қабылдау стилистикасы: оқу құр. – Алматы: Эверо, 2016. – 100 б.
- 15 Уәли Н. Тұрмыстық дискурстың формалды коммуникативтік ерекшеліктері // *Дискурс теориясының ерекшеліктері: халық. ғыл. конф. матер. жин.* – Ақтөбе, 2011. – Б. 146-158.

Материал 05.06.2024 баспаға түсті

Функционально-прагматическая концепция текста

Г. Ж. Исакова¹, Р. Ж. Киякова¹, А. А. Букаева¹, А.О.Исина¹

¹Кокшетауский университет имени Ш. Уалиханова, Кокшетау, 020000, Республика Казахстан

В статье рассматриваются вопросы прагматики текста, фонового знания коммуникантов в языковом общении. Сложность интерпретации художественного текста возникает из-за наличия подтекстовой информации текста. Каким бы ни был текст, его основная задача как коммуникативно-когнитивного, функционального целого заключается в передаче, обмене сообщениями и обмене мнениями, тем самым влияя на получателя сообщения (адресата) и вызывая его ответную реакцию. Это объект прагматики текста.

Цель исследовательской работы – определить функционально-прагматические возможности текста, а также рассмотреть проблемы определения образа и языка персонажей путем показа фоновых знаний персонажей художественного текста. Материалом исследования были взяты произведения казахского писателя А. Кекилбаева и кыргызского писателя Ш. Айтматова.

И успешность, и неудачи коммуникации обусловлены социально-стереотипными особенностями, фоновым знанием коммуникантов, близостью или расхождением в компетенции, а также гендерными, возрастными, личностными особенностями коммуникантов.

Главной особенностью процесса языкового общения является взаимопонимание говорящего и слушающего, правильное восприятие информации и ее оценка. А без взаимопонимания коммуникация теряет свою сущность, смысл, и терпит неудачу. В этой связи сделан вывод о том, что в восприятии текста очень важны фоновые знания говорящего и слушателя.

Ключевые слова: художественный текст, языковая коммуникация, фоновые знания, прагматика текста, восприятие текста.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 Момынова Б.К., Аскар Л.О., Акимбек С.Ш. и т. д. Эволюция функционально-стилистической структуры современного казахского языка. – Алматы: Казахский университет, 2010. – 262 с.
- 2 Караулов Ю.Н. Русский язык и языковая личность. – Москва: Наука, 1987. – 245 с.
- 3 Цивьян Т.В. Лингвистические основы балканской модели мира. – М.: Наука, 1990. – 207 с.
- 4 Ахманова О.С. Словарь лингвистических терминов. – Москва: УРСС, 2004. – 571 с.
- 5 Томахин Г.Д. Америка через американизмы. – Москва: Высш. школа, 1982. – 256 с.
- 6 Синтаксические парадигмы в современном казахском языке: монография-учебник / ред. Ж. Жакыпов. – Алматы, 2016. – 464 с.
- 7 Tzanne V. Talking at cross-purposes: The dynamics of miscommunication. – Amsterdam: John Benjamins, 2000. – 282 p.
- 8 Olsina E.C. Managing understanding in intercultural talk: An empirical approach to miscommunication // Atlantis. – 2002. – Vol. 24, Issue 2. – P. 37-57.
- 9 Linell P. Troubles with mutualities: towards a dialogical theory of misunderstanding and miscommunication // In book: Mutualities in dialogue. – Cambridge: Cambridge University Press, 1995. – P. 176-213.
- 10 Falkner W. Verstehen, Missverstehen und Missverständnisse: Untersuchungen an einem Korpus englischer und deutscher Beispiele. – Tübingen: Niemayer, 1997. – 275 s.
- 11 Калиулы Б. Новые направления языкознания: концепт, прагматика, дискурс, сущность: сборник статей. – Алматы, 2012. – 246 с.

- 12 Ернарарова З.Ш. Прагматические основы синтаксического единства казахского языка: автореф... канд. филол. наук. – Алматы, 2002. – 57 с.
- 13 Шалабай Б. Проблемы казахского языкознания. – Алматы: Арда, 2016. – 488 с.
- 14 Адилова А. С. Стилистика восприятия: учеб. пособие. – Алматы: Эверо, 2016. – 100 с.
- 15 Уали Н. Формальные коммуникативные особенности бытового дискурса // Особенности теории дискурса: сборник материалов международной научной конференции. – Актобе, 2011. – С. 146-158.

Материал поступил в редакцию журнала 05.06.2024

Functional and pragmatic concept of the text

G.Zh. Iskakova¹, R. Zh. Kiyakova¹, A.A Bukayeva¹, A.O.Issina¹

¹Sh. Ualikhanov Kokshetau state university, Kokshetau, 020000, Republic of Kazakhstan

The article deals with the issues of pragmatics of the text, background knowledge of communicants in language communication. The difficulty of interpreting a literary text arises from the presence of the text's subtext information. Whatever the text, its main task as a communicative, cognitive, functional whole is to transmit, exchange messages and exchange opinions, thereby influencing the recipient of the message (addressee) and causing his response. This is the object of the pragmatics of the text.

The purpose of the research work is to determine the functional and pragmatic possibilities of the text, as well as to consider the problems of determining the image and language of the characters by showing the background knowledge of the characters of the literary text. The research material was taken from the works of Kazakh writer A. Kekilbayev and Kyrgyz writer Sh. Aitmatov.

Both the success and failures of communication are due to socio-stereotypical characteristics, background knowledge of communicants, proximity or divergence in competence, as well as gender, age, and personal characteristics of communicants.

The main feature of the process of language communication is the mutual understanding of the speaker and the listener, the correct perception of information and its evaluation. And without mutual understanding, communication loses its essence, meaning, and fails. In this regard, it is concluded that the background knowledge of the speaker and the listener is very important in the perception of the text.

Key words: literary text, language communication, background knowledge, text pragmatics, text perception.

REFERENCES

- 1 Momynova B.K., Askar L.O., Akymbek S.Sh. t.b. Qazirgi qazaq tilinin funkcionaldy stildik quramynyn evolyuciyasy [Evolution of the functional stylistic structure of the modern Kazakh language] (Almaty, 2010). [In Kazakh]
- 2 Karaulov YU.N. Russkiy yazyk i yazykovaya lichnost' [Russian language and linguistic personality] (Moscow, 1987). [in Russian]
- 3 Tsiv'yan T.V. Lingvisticheskiye osnovy balkanskoy modeli mira [Linguistic foundations of the Balkan model of the world] (Moscow, 1990). [in Russian]
- 4 Akhmanova O.S. Slovar' lingvisticheskikh terminov [Dictionary of linguistic terms] (Moscow, 2004). [in Russian]
- 5 Tomakhin G.D. Amerika cherez amerikanizmy [America through Americanisms] (Moscow, 1982). [in Russian]
- 6 Qazirgi qazaq tilindegi sintaksistik paradigmalar: monografiya-oqulyq / red. Zh. Zhaqypov [Syntactic paradigms in the modern Kazakh language: monograph-reading. / ed. J. Zhakypov] (Almaty, 2016). [In Kazakh]

- 7 Tzanne V. Talking at cross-purposes: The dynamics of miscommunication. – Amsterdam: John Benjamins, 282 p. (2000). [in English]
- 8 Olsina E.C. Managing understanding in intercultural talk: An empirical approach to miscommunication // Atlantis.– Vol. 24, Issue 2. – P. 37-57. (2002). [in English]
- 9 Linell P. Troubles with mutualities: towards a dialogical theory of misunderstanding and miscommunication // In book: Mutualities in dialogue. – Cambridge: Cambridge University Press, P. 176-213 (1995) [in English]
- 10 Falkner W. Verstehen, Missverstehen und Missverständnisse: Untersuchungen an einem Korpus englischer und deutscher Beispiele. – Tübingen: Niemayer, 275 p. (1997) [in English]
- 11 Kaliuly B. Til biliminin jana bagyttary: koncept, pragmatika, diskurs, matyn: maqal. jinagy [New directions of linguistics: concept, pragmatics, discourse, text: proverb. collection] (Almaty, 2012). [In Kazakh]
- 12 Ernazarova Z.Sh. Qazaq soyleu tili sintaksistik birlikterinin pragmatikalıq negizderi: filol. gıl. kand. ... avtoref [Pragmatic bases of syntactic units of the Kazakh spoken language: philol. do it sugar ... autoref.] (Almaty, 2002). [In Kazakh]
- 13 Shalabai B. Qazaq tili biliminin maselelery [Problems of Kazakh language education] (Almaty, 2016). [In Kazakh]
- 14 Adilova A.S. Qabıldau stilistikasy: oqu quraly [Stylistics of reception: a textbook] (Almaty, 2016). [In Kazakh]
- 15 Uali N. Turmıstıq diskwrstin formaldy kommwnikativtik ereksheliktery // Diskwrs teoriyasınyñ ereksheliktery [Formal communicative features of domestic discourse // Features of discourse theory] (Aktobe, 2011) [In Kazakh]

Received: 05.06.2024

MFTAP 16.01.11

DOI: [10.59102/kufil/2024/iss2pp52-66](https://doi.org/10.59102/kufil/2024/iss2pp52-66)

К.А. Искакова¹, Ж.Т.Оспанова², Б.Д. Ныгметова³

¹Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе, 030000, Қазақстан Республикасы

²А.К. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты, Астана қ., 010000, Қазақстан Республикасы

³Ә.Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар қ. 140000, Қазақстан Республикасы

ҒЫЛЫМИ ДИСКУРС ШЕҢБЕРІНДЕГІ ТІЛДІК ТҰЛҒАНЫҢ КОММУНИКАТИВТІК СТРАТЕГИЯЛАРЫ

Бұл мақала ғылыми дискурсты және оның ғылыми-көпшілік дискурстың шағын түрін, ұсынылып отырған талдаудың мақсаты болып табылатын тілдік тұлғаның, дискурс авторының прагматикалық ниеттерін жүзеге асыратын коммуникативті стратегияларды анықтау тұрғысынан зерттеу болып табылады. Зерттеу материалдары ретінде шетелдік және отандық ғылыми және ғылыми-көпшілік басылымдардың жарияланымдары, ғылыми және ғылыми-көпшілік мазмұны бар білім беру интернет-ресурстары пайдаланылды. Алға қойған мақсатқа келесі міндеттерді шешу арқылы қол жеткізіледі: тілдік тұлға теориясының негізгі ережелерін ұсыну, «ғылыми дискурс» және «ғылыми-көпшілік дискурс» ұғымдарының аражігін ажырату және іріктелген практикалық материал негізінде осы дискурстар контекстінде автордың интенциясын жеткізу үшін тілдік тұлға қолданатын коммуникативті құралдарға талдау жасау. Ұсынылған зерттеуде талдау, алынған ақпаратты жалпылау және тағы басқалары сияқты жалпы ғылыми әдістермен қатар,